



9-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ. 2-БӨЛІМ

Эрих Мориц фон Хорнбостель
және Берлин фонограмма
аудиомұрағаттары



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім
Дәріс: Эрих Мориц фон Хорнбостель және Берлин фонограмма аудиомұрағаттары
Дәріс авторы: Әлия Сабырова

Дәрістің мақсаты: Берлин фонограмм архивының негізін қалаушы Карл Штумпф, Эрих Мориц фон Хорнбостель және Курт Сакстың этномызикатану үшін жасаған еңбегін сипаттап, қызметіне тоқталып өту.

XX ғасырдағы берлиндік зияткерлік ортада жаратылыстану ғылымдарының артып бара жатқан маңызына, ғылыми зерттеу материалдарға қатысты ұстанымның жаңа өзегіне ден қойды. Олар жаратылыстану ғылымының қатал қағидаларын берік ұстана отырып, адамдар мен қоғамды тұтас қамти алатын тіршіліктің негізі жайлы ғылыммен айналысты. Берлиндегі алғашқы этнология профессоры Адольф Бастиан, сонымен бірге Берлин фонограмм мұрағатының негізін қалаушылардың бірі Карл Штумпф (1848–1936) жаратылыстану ғылымдарына классикалық гуманитарлық идеалдармен ұстанымдарын үйлестіру мақсатында бет бұрды. Этнология термині (антропология) Берлин университетінде география мен тарих саласында Германияның доценттік атағын алу үшін екінші докторлығын аяқтаған әрі саяхат кезіңінен кейін 1867 жылы-ақ Бастианның еңбектерінде пайда болды. Этнология Бастианның зерттеулерінің орталық назарына түсіп, психологияның орнын алмастырды. Бастиан үшін антропология негіз ретінде адам денесін алған болса, этнология оның «психикалық бөлігін» зерттеу тәсілін ұсынды. Дәл солай Карл Штумпф ғылыми психологияға шақыра отырып, идеализмге негізделген XIX ғасырдағы ақыл-ой туралы ұстанымды жоққа шығарды. Алайда, Штумпфтың пәндік жүйесі Бастианның қалыбынан өзгеше болды. XIX ғасыр соңындағы бұл пәндік ерекшеліктер тарихи тұрғыдан өте маңызды болды, өйткені олар ең әуелі Неміс музыкалогия саласында (бұл жерде айта кету керек, музыка-этнология XXI ғасырдағы ғылым саланың атауы) жүзеге асқандай, этномызикатанудың бастапқы тарихында неліктен музыка мен этнология пәндерінің біріктірілмегенін түсіндіріп береді. Мұның орнына неміс ғалымдары қолданған алғашқы термин ферглияштенде мусиквиссершафт (ауд. салыстырмалы музыкатану) болды және дәл осы атаумен жаңа пәннің қалыптасуына негіз болған жылдарды құрайтын даму сатысын көре аламыз.

Карл Фридрих Штумпф Берлинде 1848 жылы туды және музыканттардың отбасында өсті. Мектепте бірнеше музыкалық аспапта ойнауды үйренді, сонымен қоса гармония мен контрапунктті де үйренді. Университет студенті кезінде зерттеулерін философия мен жаратылыстану ғылымдарына арнады, философия докторы дәрежесін алып та, екінші докторлық немесе Habilitation (дайындық) сатысын бағындырған кезінде де бар зейінін осы салаға шоғырландырды. Ол Вюрцбург, Прага, Галл және Мюнхен университеттерінде философия профессоры қызметін атқарды, кейін 1893 жылы Фридрих Вильгельм университетінде (қазір Гумбольд университеті, бірақ бұдан кейінгі жерлерде жәй ғана Берлин университеті делінеді) Психология Институтын құру үшін Берлинге қайтып келді. Оның осы институтта директор қызметінде еңбек ету мерзімі 1928 жылға дейін созылды. 1900 жылы Штумпф Сиамдық сарай оркестрінің бастапқы балауыз-цилиндрлі таспасын жазып Берлиннің фонограмма мұрағатының негізін қалады. Фонограмма мұрағатының ресми түрде нақты құрылған мерзімі 1904 жыл, дегенмен ресми құрылымның негізі қаланған сәт ретінде алғашқы таспаға жазу фактісін қолдану қабылданған.

Ғасыр тоғысында көмекшісі Эрих Мориц фон Хорнбостельмен бірге Штумпф өзін модерн этномызикатанудың ізашары, vergleichende Musikwissenschaft - салыстырмалы музыкатанудың, негізін қалаушылардың бірі ретінде санайтындай етіп мұрағатты құруға кірісті. Мұрағат құрғанға дейін-ақ Штумпф алғашқы екі томдық болып, 1883 және 1890 жылдары жарыққа шыққан алғашқы ірі еңбегі «Музыкалық қабылдау психологиясының» (немісшесі тонпсихологиие) кіріспесінде жариялай отырып, психология мен физика арасындағы теориялық және әдіснамалық айырмашылықты мойындады. Штумпфтың ұстанымында тон психологиясы жеке және тәжірибелік зерттеулерге бағытталды, және ол Штумпфтың ең басты қызығушылықтарының бірі саналатын салыстырмалы психологияда да маңызды рөл ойнады. Осылайша ол бірінші кезекте музыканың эстетикасымен шұғылданушы ғалымдардан бойын аулақ ұстады. Штумпф құлаққа таныс емес музыканы зерттеудің белсенді жақтаушысына айналды да, 1908 жылы былай деп жазды: “Бастапқы таңқалыс жоғары болған сайын зерттеуге деген құлшыныс та артып, мұны түсіндіретін жауаптар табылған шақта және өзіміздің өнер деңгейіміздің бұтақтары жан-жаққа ұмтыла өскен ағаштың бір тал гүлі ретінде ұғуды үйренген кезімізде ілгері дамудың құлашы кеңейіп, мұны да, өнердің баршасының да мән-мазмұнын түсіну тереңдей түспек. Бұл ешуақытта біздің ұлы классиктерміз тудырған ғажап туындылардан тікелей ләззат алуымызды кемітпек емес; мұның орнына біздің қабылдау түйсігіміз ұлғая түседі және белгілі бір деңгейде тұтас әлемнің өнер туындыларын өзіміздікі етеміз. Бұл экзотикалық өнер туындылары басында адамды кері тебетін дүние сияктанып көрінеді, теориялық тұрғыдан қабылдау мен ішкі құрылымын түсінуді жұмсартпа түсіп, жағымды эстетикалық қанағаттануды туғызады”.

Психология институтының басшысы қызметінде жүргенде Штумпфты ең әуелі дыбыстарды қабылдау



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім
Дәріс: Эрих Мориц фон Хорнбостель және Берлин фонограмма аудиомұрағаттары
Дәріс авторы: Әлия Сабырова

мәселесі қызықтыратын. Музыкалық қабылдау психологиясында тыңдаушының дыбысты қабылдауы мен бағалауы бір уақытта жүзеге асып жататынын дәлелдемек болды. Нәтижесінде ол Герман фон Гельмгольц ұсынғандай консонанс обертоңдардың ұқсастығына негізделмейтінін көрсететін дыбыстың бірігуі теориясын (немісшесі фершмельзунгс теорие) алға тартты. Мұның орнына Штумпф бір уақытта ойналған кезде екі үннің бір үн секілді дыбысталады деп түйді. Мұнымен қоса ол осындай теорияны дәлелдеу тәсілі батыстық емес музыкада да орны бар, олардың әмбебап дыбыстық құбылыс екенін көрсетуінде еді. Оған тәжірибе жасауға мүмкіндік берген фонограф болды. Мыс. бұл құралды ғалым 1922 жылғы байырғы америкалықтарға қатысты зерттеулерінде қолданды. 1990 жылы Берлин университеті психология факультетінің деканы болып тағайындалған кезде, Штумпф Берлин фонограмма мұрағатының құрылғандығының дәлелі саналатын тайлық музыканттар жайлы зерттеулер арқылы фонографты тәжірибе жүзінде қолданып бастады. Осылайша Штумпфтың эксперименттік бастамасына орай құрылды да, әлемнің әртүрлі аймақтарында жасалған таспаларды жинақтау мен талдау мақсатында Психология институтының кеңеюі ретінде көрініс тапты. Берлин фонограмма мұрағатының құрылуымен Штумпф салыстырмалы музыкатанудың үш мақсатын айқындап берді: 1 Музыкалық өлшемшарттарды қолдана отырып, дыбыстарға талдау жасау. 2 Музыканың адамға қатысты психологиялық рөлін зерттеу. 3 Музыкалық аспаптарды зерттеу.

Карл Штумпф Берлин университетінде салыстырмалы музыкатануды қалыптастырудың алғашқы қадамын жасады, енді ол ассистенті Эрих М. фон Хорнбостельге бұдан да маңызды рөл иеленуге, зерттеулер аясын кеңейтуде жүгінді.

1877 жылы туған Эрих М. фон Хорнбостель Габсбург монархтарының астанасындағы музыкалық өмірге белесене араласушы Веналық отбасында өсті. Студенттік шағында гармония мен контрапунктті оқып, жасөспірім кезінде мықты пианист және композитор болғанына қарамастан, Хорнбостел Гейдельберг пен Венада философия мен жаратылыстану ғылымдарын оқи отырып, 1900 жылы химик ғылыми дәрежесінде оқуын аяқтамастан бұрын музыкамен мансап қуып айналысуға бел буды. Дәл солы жылы ол Берлин физикалық химия институтында қызметті иеленді, ол жерде эксперименталдық психология мен музыкатану саласындағы қызығушылықтарымен айналысып бастады да Штумпфтың Музыкалық қабылдау психологиясындағы еңбегін зерттеулерімен толықтыра берді. 1905 жылы ол Штумпфтың ассистенті болды, ал жыл өткен соң әлі де Берлин университеті Психология институтының бөлімі саналатын Берлин фонограмма мұрағатын басқаруды өзіне алды. Мұрағат тез арада оның кәсіби қызметінің негізгі бағытына айналды және ол басшылық қызметке 1933 жылы кірісті. Ол мұрағат қарқынды өсіп жатқан кезде, бұған халықаралық ықпалдың күшейген тұсында басшылық етті. Бұған қоса Хорнбостель 1906 жылы Чикаголық далалық музейдің атынан алғашқы сапарына шыға отырып, өзінің зерттеу бағытын да қалыптастыра бастады. Бұл сапар барысында Солтүстік Америкадағы пауни тұрғындары арасында түрлі топтамалар мен музыкалық-психологиялық бірқатар органиологиялық бағалау мен өлшеу тәжірибелерін жүзеге асырды. Солтүстік Америкаға зерттеу сапары басырысында ол бұған қоса афроамерикалықтар мен үндістердің жады жайында салыстырмалы зерттеу жасау үшін мектептерге де барды. 1917 жылы Хорнбостель Берлин университетінің профессоры болып тағайындалды да, ол жерде жүйелі және салыстырмалы музыкатанудың жаңа салалары бойынша дәріс оқыды. I Дүниежүзілік соғыс кезінде әскер сапында жүріп, гештальт психологияның негізін қалаушы Макс Вертхаймермен бірге дыбыстың таралу бағыттарына қатысты тәжірибелер жасай отырып, көбіне салыстырмалы психологиялық зерттеулермен шұғылданды. Алғашқы жылдары фонограмма мұрағатын негізінен Штумпф пен Хорнбостельдің өздері қаржыландырды. 1923 жылы мұрағат Берлин музыкалық консерваториясының қарамағына өтті, консерватория Хорнбостельді 1923 жылы лектор ретінде, ал 1925 жылы профессор етіп тағайындады. Осылайша 1920-шы жылдардың ортасынан Хорнбостель салыстырмалы музыкатанудың дамуында халықаралық деңгейде орны бар тұлға ретінде өзін көрсете алды. Мұнысы әлемдік музыка тарихындағы маңызды сәттер. 1932 жылы араб музыкасына қатысты Каир конгресіне қатысуға шақырту алуы секілді дүниелермен дәлелденеді. 1933 жылы фашистер билікке келген кезде анасы еврей Хорнбостель Германиядан кету жайлы шешім қабылдады, алғашқы кезде отбасымен Швецарияда болды. Дәл осы жылы Германия үкіметі профессор Хорнбостельді кері шақырды, сонымен бірге Берлин университетіндегі қызметіне де қайта тағайындады. Осы жылдың соңына таяу өзі және ұлы екеуі психолог ретінде Әлеуметтік зерттеулердің Жаңа мектебінде қызметке жайғасты, бұл жер көбіне саяси қуғын көріп, жер аударылғандарға, әсіресе еврейлерге пана болатын. Құрама Штаттарда Хорнбостельдің денсаулығы сыр берді, сосын ол арнайы медициналық ем алу үшін Англияға аттанды. Академиялық Зерттеу Кеңесінің стипендиясын алып Кембридж университетінде зерттеулерін бастауға мүмкіндік алды. 1935 жылы 28



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім
Дәріс: Эрих Мориц фон Хорнбостель және Берлин фонограмма аудиомұрағаттары
Дәріс авторы: Әлия Сабырова

қарашада өмірден озды. Карл Штумпф және Эрих Хорнбостельмен бірге салыстырмалы музыкатанудың қалыптасуындағы тағы бір маңызды тұлға Отто Абрахамның рөлі әлі де мойындалмай келеді. Берлин университетінде медицина саласы бойынша ғылыми дәреже алған Абрахам 1896 жылдан 1905 жылға дейін Штумпфқа қосылып, Психология институтында жұмыс істеді. Осы жұмыс кезеңінде Сиямдық сарай оркестрінің негізгі таспасымен айналысты. Абрахам, Штумпф және Хорнбостель үшеуі бірге Берлин фонограмма мұрағатындағы батыстық емес музыкалардың да, таспаға жазу әдістері және музыка транскрипциясымен де айналысып, маңызды басылымдар топтамасын баспадан шығарумен айналысты. Бұл еңбектері салыстырмалы лингвистикада осыған ұқсас зерттеулер үшін эмпирикалық материалдар дайындап беруді мүмкін етті. Сонымен қатар осы алғашқы жылдары Курт Сакспен де бірлесіп жұмыс жасай бастады.

Курт Сакс Берлин университетінде музыка тарихын оқыды, бірақ докторлық дәрежесін өнер тарихы саласында алды. 1920 жылы ол Пруссия музыка аспаптары коллекциясы музейінің директоры болып тағайындалды, ол уақытта Берлиндегі Пруссия консерваториясының (Staatliche Hochschule für Musik) бөлімі саналатын. Берлин университетінде басқа да бірнеше қызметтерге тағайындалды, қызметтік өсуінің шырқау шегінде 1928 жылы профессор атанды. Осы қызметтерінің барлығында ол Эрих М. фон Хорнбостельмен және Берлин фонограмма мұрағаттарымен байланысын арттырып отырды. Алайда еврей болғандықтан, 1933 жылы барлық академиялық қызметінен аластатылды, нәтижесінде шет ел асуға мәжбүр болды. Бастапқыда Париждегі Адам мұражайы мен Сарбонна мұражайында қызметке тұрғанмен, көп өтпей 1937 жылы Құрама Штаттарға қоныс аударды. 1937 мен 1953 жылдар аралығында Нью Йорк университетінде музыка профессоры ретінде қызмет етті. Сакс пен Хорнбостель әлемдік музыка тарихында парадигмаға айналатын музыкалық аспаптардың классификациясын жүйелеуді бірге қолға алды. Хорнбостель мен Сакс классификациялау жүйесінің рөлін мүлдем әртүрлі түсінетін. Хорнбостель үшін далалық зерттеу жүргізуші мамандар оңай әрі тиімді қолдана алуы үшін бұл жүйенің этнографиялық қосымша деректерінің болуы өте маңызды болды; Сакс барша әлемдегі аспаптардың топтамасын толықтыратын материалдық объектілерді салыстыру үшін классификацияның маңыздылығы тұрғысынан қарап, бұл әдісті қолдады. Жіктеу үшін негіз дыбыстың физикалық тұрғыдан өндірілуі болды, мұның соңы екі салыстырмалы музыкатану саласының екі өкілінің жалпыға таныс төрт категорияны анықтауына алып келді: идиофондар (дыбыс аспаптың қатты материалынан пайда болады), мембраналар (дыбыс мембранадан шығады), хордофондар (ішекті аспаптар) және аэрофондар (үрмелі аспаптар). Сакс-Хорнбостель классификациялау жүйесі бұл екі салыстырмалы музыкатану мамандарына тән батыстық емес музыка дереккөздеріне, әсіресе Брюссель мұражайының үнді аспаптары топтамасына ХІХ ғасырдың соңында Сурендра Мохун Тагордан алынған музыка аспаптары үшін де қолданылатын үнді санскриттік Натяшастра (б.з. бірінші мыңжылдығының бірінші жартысы) деректеріне сүйенді.

Салыстырмалы музыкатану және әлемдік музыка тарихы.

Берлин фонограмма мұрағатының алғашқы жылдарында салыстыру әдісі ең басты міндетке айналды. Хорнбостель мен Штумпф акустика мен музыканы салыстыруға қызығушылық танытты; Сакс пен Хорнбостель екеуі бірігіп аспап түрлерін салыстыруға ден қойды. Тәжірибелік салыстыру фонографпен оқиға орнынан таспаға түсіріліп, Берлин мұражайында толықтырған дыбыстық туындылардың топтамасын кейіннен зерттеп, талдауға мүмкіндік туғаннан соң қолжетімді болды. Далалық зерттеулер де басынан бастап салыстырмалы әдіспен жүрді. Далалық зерттеулерге шықпас бұрын мамандарға сол жерлерде балауыз цилиндрлі таспаға жазу құрылғылары жеткізілді. Олар құрылғыны қалай қолдану тәсілдерін ғана үйреніп қойған жоқ, қандай ақпараттарды жинап, құжат қылып тіркеу жайында да мағлұматтанды. Себебі ол материалдарды Берлинге жеткізіп, салыстырмалы зерттеуге пайдалану қажет еді. Далалық зерттеу жұмысшылары Берлинге балауыз цилиндр, бақылау мен ғылыми қор тіркелген журналмен оралды. Берлинде балауыз цилиндрлер Гальванос деп аталатын балауыз цилиндрдің металл үлдіріне көшіріледі де топтама мен архивке көшірмесі жасалады. Осы үдеріс барысында балауыз цилиндрлердің көпшілігі істен шығатын. Гальваноның тұрақты қасиеті қайта транскрипциялауға және салыстыруға мүмкіндік береді. Әлемдік музыка тарихында маңызы жоғары гальванолар дүние жүзіндегі ғалымдар тарапынан көшіліріп таралды. Әуелгіде Таныстырылым топтамасы 1913 жылы, содан кейін коммерциялық сатылым дискілері Шығыс музыкасы деген атпен 1934 жылы таралды. Осы екі топтама әлемдік музыканың алғашқы антологиясы және олар көпшілік аудиториядан кем емес ғалымдарға арналды. Бұл топтамалар



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім
Дәріс: Эрих Мориц фон Хорнбостель және Берлин фонограмма аудиомұрағаттары
Дәріс авторы: Әлия Сабырова

ғылыми өлшем дарыта отырып, салыстырудың мағынасын ұлғайтты. Мұнымен қоса әлеуметтік және мәдени дифференциацияға да әсер етті. 1905 жылдың өзінде Хорнбостель әлемдік музыканы түсінудегі салыстырудың рөлі жайлы жазады. Салыстыру білім іздеу жүзеге асатын басты құрал. Салыстыру жекелей құбылысты басқа құбылыстармен салыстыра келе айрықша қасиеттерін айқындай отырып талдау мен нақты сипаттауға мүмкіндік береді. Бұған қоса салыстыру ұқсастық «зандылық» ретінде айқындалып, тұжырымдалатын айрықша жағдайларды жеке құбылыс ретінде сипаттайды. Жүйелеу мен теориялау салыстыруға тәуелді. Бұл мағынада алсақ кез келген оқып-үйрену түрі салыстырмалы және салыстыру арнайы емес жалпылама әдіс болып шығады. Фонографты ойлап табу Берлинде салыстырмалы музыкатанудың дамуында маңызды рөл ойнады. Хорнбостель фонографтың технология ретіндегі атауын «дыбыс жазушы» деп сөзбе-сөз түсінді, өйткені балауыз цилиндрлердің гальванизациясы таспаға жазуды екі сатыда жүзеге асыратын: әуелі гальваноға жазу, содан кейін транскрипцияның көмегімен қағазға түсіру. Сондықтан зерттеуші дыбыстың қағаздағы суретімен жұмыс жасайтын, ал осы суреттер салыстыру үшін негіз болды. Фонографтың көмегімен дыбысты таспаға жазу мен қағазға түсіру – басқа да ұлы өнертабыс түрлері секілді қарапайым. Мембранамен байланысқан металл стилус дыбыс толқындарын зорайтушы кернейге жеткізе отырып, таспаның жырашықтарын бойлай жүруге мәжбүр. Стилус айналып тұратын балауыз цилиндрдің беткі жағымен байланысады. Таспаға жазу кезінде құрылғыдағы ине балауыз бойымен төмпешік және жыра іспеттес жырашықтар жаратады. Оны ойнатқан уақытта стилус бұл үдерісті толығымен өзгертеді. Ине осы қозғалысты қайталағанында мембранаға энергия қайта келеді, нәтижесінде тағы да дыбыс толқындары пайда болады да, тыңдаушы оны жырашықтардың көмегімен басқа сипатта тыңдай алады. Дыбыс жазатын және ойнататын ең бірінші құрылғы болғанын баса айту керек. Басында Эдисон балауыз қағазды қолданған еді, ал 1880 жылдары таза балауыз цилиндрлері (салыстырмалы түрде жұмсақ балауыз) жаппай сатылымға шыға бастады. Дыбыс таспалары бос цилиндрлердің сыртқы бөлігіне жарықшақ түрінде жазылатын болды. Ең алғашқы цилиндрлер ойнатқан кезде бірден істен шығатын. Бұлай болған жағдайда тағы да дыбыс жазу үшін оны байыппен сылып алуға болатын. XX ғасырдың басында бұдан да қаттырақ балауыз жасалды да, өзгеше таспалар жазуға мүмкіндіктер туды.

Хорнбостель және ерте кездегі салыстырмалы музыкатанудың әдістері мен техникалары.

1910 жылы Хорнбостель салыстырмалы акустикалық және музыкалық-психологиялық зерттеу тәсілдері жайлы мақаласын жариялады. Ол жерде әлемдік музыканы салыстырмалы зерттеу барысында қолданылатын әдістер жайлы баяндайды:

1 еуропалық емес музыкалық аспаптармен тәжірибе (немісшесі, ферзухс персонэн). 2 музыка аспаптарының жоғары дыбыстық жиілігін өлшеу. 3 фонографты қолдана отырып зерттеу жүргізу. Соңғы екі әдіс бойынша Хорнбостельдің өзі өте жемісті жұмыс атқарды, ал бірінші тәсілге қатысты оның идеялары жайлы көп мағлұм емес; басқаша айтар болсақ, салыстырмалы музыкатану үшін этнографиялық тәсілдерді қолдану. Этнографияға қатысты ұстанымы жайлы бар білетіміз далалық зерттеу материалдарын тіркеу үшін дайындаған нұсқаулықтан келіп шығады, сонымен бірге Берлин фонограмма мұрағатындағы материалдар ішінде фонографты қолдануға қатысты нұсқаулықтарын да осы қатарға жатқызамыз. Мысалы, төмендегі нұсқаулар «Далалық зерттеулер үшін фонографты қолдану ережелері» атты Хорнбостельдің 1904 жылғы кітапшасынан алынған. Қажетті құрылғылар жайлы қысқа тізімнен соң, дыбыс жазу бөлімі келеді және нұсқаулықтың соңында әрбір таспаға жазу кезінде Хорнбостельге қажет болған дүниелер жайлы қысқаша сипаттама берілген: 1 Механизмді әрбір жазу процесінен алдын толық орап шығыңыз. 2 Әдетте механизмді орташа жылдамдыққа баптау қажет; жоғары ырғақта ойнайтын өте жоғары, өте жұмсақ немесе өте жылдам музыкамен бірге. 3 аппаратты орнына мызғымастай орналастырыңыз және таспаға жазу барысында оны қозғалтпаңыз. 4 Таспаға жазудың әрбірін фонографтың басты тоны үшін камертонда a1 тонында дыбыстай отырып бастаңыз, сосын барып журналға тіркеу нөмірі мен таспаның атауын айтыңыз. 5 Музыкалық аспаптың резонаторын немесе сөйлеушіні не әншіні барынша дыбыс зорайтқышқа жақындатыңыз да оған тиіп кетпеуге тырысыңыз. Аспапта ойнаушы (әнші) мүмкіндік болса ырғақты қолын бір-біріне ұрғылау арқылы мейлінше дыбыс зорайтқыштың құлақшасына жақын тұрып айқындай алады. 6 Әнді жазып болған соң әншінің вокалдық диапазонында ең төменгі және ең жоғарғы ноталарды түртіп алыңыз. Аспапты музыканттар өздері үйренген дыбыс биіктігінің бірізділігімен аспабының барша ауқымын паш етіп ойнауға мүмкіндік алуы тиіс; ішекті аспаптардың жағдайында әрбір ашық ішекті жеке жеке жазыңыз. 7 Әрбір жазылған таспаны оның толықтай ойнатып көре отырып бірден сынақтан



Кітап: Әлем музыкасының тарихы. 2-бөлім
Дәріс: Эрих Мориц фон Хорнбостель және Берлин фонограмма аудиомұрағаттары
Дәріс авторы: Әлия Сабырова

(тестілеңіз) өткізіңіз. 8 Цилиндр контейнерінде журнал нөмірін, орнын және жазылған таспаның атауын енгізіңіз. 9 Журналды мүмкін болғанша мұқият толтырыңыз. 10 Кейде дәл сол музыкалық шығарманы екі рет таспаға түсіруге кеңес беріледі. С. Журнал (Журналдың мазмұнында болуы тиіс): 1 Таспаға жазудың реттік нөмірі. 2 Таспаның уақыты мен өткен орны. 3 Орындаушының немесе музыканттың ерекшеліктері: а Тайпасы; б Аты; с Жасы; d Жынысы; e Кәсібі. 4 Таспаға жазылатын дүниелердің түрлері: а Сөйлеу (әңгіме, декламация); б ән айту (соло, дуэт, хор, аспаптың сүйемелдеуімен); с аспаптық музыка (атауы, сипаттамасы, аспаптың фотосы немесе салынған суреті); d шығарманың атауы; e шығарманың категориясы (билейтін әні, діни ән, халық әні және т.б.); f шығарма орындалып жатқан әдістің жергілікті жердегі түпкі атауы. Әннің немесе сөйлеу түрінің мәтіні мүмкіндігінше дәлме-дәл транскрипцияда, мүмкін болса аудармасымен беріледі (оң жағына жазылады):

Таспаға жазылған шығарманың жергілікті жазба нұсқасы бар ма? Мүмкін болса оң жаққа жазыңыз. Назар аударуға лайықты жағдайлар (таспаға жазылып жатқан орындаушылардың қарым-қатынасы немесе өздерін көрсетулері; қолын сермеулері, биі, рәсімдік қимылдары). 8 Жергілікті теориялар? Дыбыс қатарлары (бес тонды, жеті тонды? Жергілікті тұрғындар дыбыс қатарлары қадамдарының санын қалай анықтайды?) Ән мен аспапты музыкадағы құрамдас текстура? 9 а Кәсіби музыканттар (ұйымдастыру, әлеуметтік статус және т.б.) б әуеской музыка (таралуы, үйрету және т.б.) 10 Жергілікті музыканттың еуропалық музыкаға көзқарасы? 11 Музыканың түп-төркіні мен тарихы жайлы жергілікті мифтер? Дыбыс биіктігі, дыбыс қатары мен тон өлшемдері Хорнбостел үшін маңызды болғаны айдан анық, сонымен қоса жазылған музыканың мәдени жағдайға қатысты деректері де қажетті ақпарат еді. Ол осы құнды деректерді мойындап, далалық дерек жинаушыларға қосуды тапсырғанмен мұндай деректер ол үшін зерттеудің негізгі саласы болған емес. Әйткенмен музыкалық аспаптар деректерде болды. Курт Сакспен бірге ойлап тапқан классификациядан бөлек ол музыкалық аспаптарды зерттеуге қатысты бірнеше сыни идеялар қалыптастырды. Ол музыкалық аспаптарды өлшеудің қиындықтарын жақсы білетін, сондықтан оларды фонограф таспаларын талдау жасауда қолданылатын аяға енгізді.

Міне, бүгінгі дәрісте басталған Курс Сакс, Эрих Хорнбостель негізін қалаған фонографпен далалық зерттеу жүргізудің әдіс тәсілдерімен алдағы уақытта жалғастыратын боламыз.

Дәріс тақырыбы бйынша қосымша ресурстар:

1. Бастиан, А. (1869) 'Das naturliche System der Ethnologie', Z eitschriftfur Ethnologie, (1888) Allerlei aus Volks- und Menschenkunde, Берлин
2. Г. және А. Саймон (ред.) (2002) Әлемде музыкалық мұрағаттау: Берлин фонограмм-мұрағаттарының 100-жылдығына арналған конференцияда ұсынылған құжаттар, Берлин
3. Bohlman PV (2002). Әлемдік музыка: алғы сөз, Оксфорд университетінің баспасы
4. Эрнст Зигфрид Миттлер және Сон Кёнигliche Хофбухандлунг Кристенсен, Д. (1991) 'Эрих М. фон Хорнбостель, Карл Штумпф және институционалды «Салыстырмалы музыкатану», кітапта Б. Неттле және П. В. Болман (ред.), «Салыстырмалы музыкатану және музыка антропологиясы»: этномузыкалогия тарихының очерктері
5. Каир Конгрессі (1934) Recueil des travaux du Congres de Musique Arabe , Каир: Imprimerie nationale, Булак
6. Хорнбостель, Е. М. фон (1905) «Die Probleme der vergleichenden Musikwissenschaft», Zeitschrift der internationalen Musikgesellschaft
7. Барт Клоц С. (ред.) (1998) Vom tonenden Wirbel menschlichen Tuns: Эрих М. фон Хорнбостель и Гештальтпсихолог, Archivar und Musikwissenschaftler, Берлин